

1. Адамның қанындағы гемоглобин мөлшері мен жыныстың арасындағы тәуелділікті анықтауда нөлдік жорамал
 - A) адамның жынысы адам қанындағы гемоглобин мөлшеріне тәуелсіз
 - B) адамның қанындағы гемоглобин мөлшері жыныстан тәуелсіз
 - C) адамның қанындағы гемоглобин мөлшері жыныстан тәуелді
 - D) адамның қанындағы гемоглобин мөлшері жыныс бойынша ерекшеленеді
 - E) адамның жынысы адам қанындағы гемоглобин мөлшеріне тәуелді
2. Зерттеушілер Манна-Уитни U- критерийін қолданып стоматиті бар және бақылау топтарында қандағы гепарин деңгейін салыстырды. Зерттеудің нөлдік жорамалы
 - A) екі топтағы гепарин деңгейінің айырмашылығы мәнді
 - B) гепарин деңгейі стоматит кезінде жоғары
 - C) гепарин деңгейі стоматит кезінде төмен
 - D) гепарин деңгейі диагнозға тәуелді
 - E) гепарин деңгейі екі топта бірдей
3. Параметрлер арасында байланыс болмаған жағдайда, Спирменнің рангілер корреляция коэффициенті үшін орындалатын шарт
 - A) $|\rho| = 0$
 - B) $\rho = 0,55$
 - C) $\rho = -1$
 - D) $\rho = 0,23$
 - E) $|\rho| = 1$
4. Кері орташа байланысқа сәйкес келетін Пирсон корреляция коэффициенті мәні
 - A) -0,71
 - B) 0,54
 - C) -0,93
 - D) 0,11
 - E) -0,51
5. Статистикалық болжамдарды тексерудің Манн-Уитни U-критерийі қолданылатын жағдай
 - A) регрессия теңдеуінің коэффициентін есептеу үшін
 - B) таралу түрі белгісіз таңдамалар үшін
 - C) корреляция коэффициентін есептеу үшін
 - D) тек тәуелді таңдамалар үшін
 - E) қалыпты таралған таңдамалар үшін
6. Егер жұптасқан t-критерийінің есептелген мәні сыни мәннен үлкен болса
 - A) балама жорамал қабылданбайды
 - B) нөлдік жорамал жоққа шығарылады
 - C) талдау қайта жүргізіледі
 - D) зерттеу нәтижесі жоққа шығарылады
 - E) нөлдік жорамал қабылданады

7. $\sigma = \sqrt{D}$ формуласы анықтайтын сипаттама
- A) таңдама дисперсия
 - B) кватильаралық құлаш
 - C) стандарттық ауытқу
 - D) интердецильді құлаш
 - E) стандарттық қате
8. Уилкоксонның T-критерийінің мәнін есептеу алгоритмінің бір кезеңі
- A) жеке түрде оң және теріс айырмалардың рангтерінің қосындысын есептеу
 - B) бір ранжирленген қатар құру
 - C) екі топтағы бақылау санын салыстыру
 - D) екі топтағы рангтер қосындысын салыстыру
 - E) «дейін» және «кейін» мәндердің жұп айырмашылықтарын есептеу
9. Жұптасқан t-критерийі үшін еркіндік дәрежесі (df) формуласы
- A) $\bar{d}+1$
 - B) $\bar{d}-1$
 - C) $n+1$
 - D) $\bar{X}+1$
 - E) $n-1$
10. Бас жиынтықтағы зерттелетін белгілердің қалыпты таралуына негізделмеген және олардың негізгі параметрлерін есептеуді талап етпейтін деректерді өңдеудің статистикалық талдау әдістері
- A) параметрлік критерийлер
 - B) параметрлік емес критерийлер
 - C) көпөлшемді критерийлер
 - D) сипаттамалық критерийлер
 - E) сапалық критерийлер